

Бекітемін:

«31» тамыз 2021 жылы педагогикалық
кеңес шешімінің № 1 хаттамасымен
ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Назарбаева С.Т.



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША
КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ «МУЗЫКА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

ҰОҚ: «Музыка»

№	Айы	Өтпелі тақырып	Апта тақырыбы	Білім саласы:	Репертуары	Көрнекілігі	Дидактикалық ойын	ҰОҚ саны	
				«Шығармашылық»				Музыка	Ай - апта
				ҰОҚ:					
				Музыка					
				Мақсаты:					
1	Қыркүйек	«Балабақша»	Менің балабақша. Менің тобым	Кел балақан: Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Біздің бала бақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: «Балбөбектер әні» (С.Кәрімбаев). Муз - ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»	Балабақшадағы көріністер, суреттер.	«Үйшігіңді тап»	1	I апта

2-4			«Менің достарым»	Достық және мен: «Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. Бір- бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Дос болайық бәріміз» И.Нүсіпбаев Х.Талғаров. Ән айту: «Ойнайықшы балақай» (Муз: А. Қонысбекова, сөзі: У. Қонысбекова)(Муз жетекшінің анықтамалығы№9) Муз - ырғақты қимыл: «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев).	Кішкентай бүлдіршіндердің суреттері.	«Көңілді ырғақ»	2	II апта
5			«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Көңілді сылдырмақтар: Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов, муз: И. Нүсіпбаев Ән айту: «Сылдырмақтар» Муз – ырғақты қимыл: «Қуыршағым – ай»	Қуыршақ, сылдырмақтар, бала санына сай қуыршақтар.	«Қуыршақты киіндіреміз»	1	III апта

6-7			«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	Енбектің наны тәтті: Балабақша қызметкерлерінің жұмысымен таныстыру. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай билуге дағдыландыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Еңбекшіл» Ән айту: «Тәрбиеші апайлар» Ф. Оңғарсынова Муз – ырғақты қимыл: Би: «Қуыршақпен билейміз»	Балабақша қызметкерлерінің суреттері.қолшатыр.	«Күн» М.Т.Потапенко, «Жаңбыр» А.Меңжанова.	2	IV ап та
8	Қазан айы	«Менің отбасым»	«Менің отбасым»	Анам менің тамаша: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ай дидарлы анашым» Б. Бейсенова. Ән айту: «Анашым» «Муз: Е.Хасанғалиев.сөзі: А. Асылбеков» Муз – ырғақты қимыл: «Жапырақтар»	Отбасы суреттері слайд.	«Көңілді ырғақ»	1	I ап та
9-10			«Менің көшем, мен тұратын үй»	Мен тұратын көше: Балалардың мекен-жайы туралы,өздері тұратын көшесі туралы білімдерін дамыту. Өз көшелерін таза ұстауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ай дидарлы анашым» Б. Бейсенова. Ән айту: «Анашым» «Муз: Е.Хасанғалиев.сөзі: А. Асылбеков» Музыкалық ырғақты қимыл: «Сылдырмақтармен би»,	Тақырыпқа байланысты суреттер, сылдырмақтар, үйшік.	«Үйшігіңді тап»	2	II ап та

11			«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Үйде жалғыз қалғанда: Балаларға үйдегі және көше қауіпсіздігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жай және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру. Үлкендерді тыңдауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ата ананы тыңдаймыз» Б. Бейсенова баламын Ән айту: Мен әдепті баламын. У.Бекетов И.Нүсіпбаев Муз – ырғақты қимыл: «Қатты және жәй» Ломова	Қауіпсіздік ережелеріне арналған суреттер. Атрибуттар. Таспалар.	«Қояндар мен қу түлкі»	1	III апта
12-13			«Алтын күз»	Күз ырғағы: Күз мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Күз» әні Ән айту: «Бұл алтын күз» әні Муз - ырғақты қимыл: «Жапырақтармен билейміз».	Күз мезгілінің суреттері. Жапырақтар, сәбіздер суреті. Қолшатыр	«Күн мен жаңбыр»	2	IV апта

14	Қараша айы	«Дені саудың жаны сау»	«Пайдалы көкөністер»	Күзгі бақта: Балаларға жеміс пен көкөністің айырмашылығы туралы түсінік беру.Ән арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру. Тағамдарды қорламауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады» Ш.Ахметов. Б.Ерзакович. Ән айту: «Жаңбыр» (музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Муз – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»	Күз суреттері, жемістер мен көкөністер	«Жемістерді ажырат»	1	I апта
15-16			«Жеміс бағында»	«Жемістердің пайдасы» Жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Өуеннің ырғағына сай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Жеміс бағында» (Ж. Қалжанова) Ән айту: «Күз» әні қайталау. Муз – ырғақты қимыл: Би: «Жұптасу биі»	Жемістер, сәбіз, таспалар.	«Сәбіздермен ойнаймыз»	2	II апта

17		«Өзім туралы. Мен кіммін?»	«Менің көмекшілерім» Балаларға адам және дене мүшелер туралы түсінік беру. Дене мүшелерімізге жаттығу жасап тұру өзіміздің денсаулығымызды күту туралы айту. Әнді тыңдай отырып, сипаттауын дамыту. Дене мүшелерін күтуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Мен бақытты баламын» Р.Мырзабай Ән айту: «Қайсы екен қолымыз» (А. Асылбеков, муз: К. Қуатбаев) Муз – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»	Дене мүшелері бейнеленген суреттер, жемістер мен көкөністер. Таспалар	«Жемістерді ажырат»	1	III апта
18-19		«Мөлдір су»	«Сылдырлайды мөлдір су» Балалардың жеке бас гигиенасы, тазалық, саулық туралы білімдерін бекіту. Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге дағдыландыру. Балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Спорт біздің досымыз» Ән айту: «Спорт» әні (Досым Қалмырзаев, Мақсат Жәутіков) Муз – ырғақты қимыл: Би: «Муз – ырғақты қимыл: «Көңілді би»	Суреттер, таспалар, аспаптар.	«Қай аспап?»	2	IV апта

20	Желтоқсан ай	«Бізді қоршаған әлем»	«Қуыршақтың жиһаздары»	Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі: Жиһаз атауларымен таныстыру. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл – қозғалыс жасай білуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Қуыршағым менің» (Ә.Дүйсенбиев, Ә.Бейсеуов). Ән айту: «Ойыншықтар» (Н.Әлімқұлов, И.Нүсіпбаев). Муз – ырғақты қимыл: Муз - ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз».	Бөлме жиһаздарының суреттері, топтағы жиһаздар.	«Қуып жет»	1	I ап та
21-22			«Қуыршақтың киімдері»	«Қуыршақты серуендеуге киіндіреміз» Қуыршақтың 4 жыл мезгілге арналған киімдері туралы әңгімелеу. Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Кір қуыршақ» (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Ән айту: «Ойыншықтар» (Н.Әлімқұлов, И.Нүсіпбаев). әнін қайталау Муз – ырғақты қимыл: Би: «Қуыршақпен би»	Қуыршаққа арналған киімдер, таспалар.	«Қуыршақты әсемдейміз»	2	II ап та

23			«Ыдыстар»	«Әйгерімнің асханасы» Ыдыс - аяқтар туралы түсініктерін толықтыру. Асхана құралдары, оның ерекшеліктері, олардың алуан түрлі болатынын түсіндіру (түсті, мөлшері, көлемі, материалы, металдан жасалатындығы, жасалуы т.) оларға бағдар жасауға үйрету.Музыканы сезіну және «төмен», «жоғары» дыбыстарды айту. жиһаздарды жасаған адамдардың еңбектерін түсініп, олардың еңбектерін құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Қуыршағым менің» (Ғ.Дауылбаева.С.Сұлтанова) Ән айту: «Біз көңілді қуыршақпыз» (Г.Жотаева) Муз – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»	Қуыршақтың ыдыстары, таспалар.	«Көңілді ырғақ»	1	III апта
24-25			«Ғажайып қыс»	«Көңілді қыс» Балаларға қыс туралы түсінік беру,Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады? Қыс» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Ән айту: «Қыс» (Б.Жүсібалиев, А.Асылбек). Муз – ырғақты қимыл: «Көңілді шыршалар»	Кішкентай шырша, ойыншықтар, аққала.	«Аққала»	2	IV апта

26	Қаңтар айы	«Біздің кіші достарымыз»	«Ауладағы құстар»(Үй құстары)	«Құстар толы аулада» Балаларға үй құстары туралы түсінік беріп,білімдерін жетілдіру,үй құстарына қамқорлықпен қарауға баулу. Құстардың сайраған дыбысын тыңдау.Үй құстарын баптауға тәрбиелеу.	Тыңдау: Үй құстарының дыбыстарын тыңдату Ән салу: «Шөжелерім» әні (Аудармасы М.Әлімбаев) Музыкалық-ырғақ қимылдар: «Топ – топ балақан» (А.Асылбек)	Үй құстарының суреттері, дыбыстар таспасы, аспаптар.	Қандай аспап дауысы? «Жасырынбақ»	1	I апта
27-28			«Үй жануарлары»	«Төлдер» Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Бірге ән айту әдетін қалыптастыру, дауыс ырғағының тазалығына мән беру. Үй жануарларына қамқорлық жасау.	Ән тыңдау: «Ақ қозым» (Н. Тілендиев) Ән айту: «Төлдер» (Ж. Өмірбеков, Б. Ғизатов) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Буги - буги»	Үй жануарларының олардың төлдерінің суреттері.Таспалар .	«Төлдерін тап»	2	II апта

29			нелер «Орманда мекендейді»	«Орман аңдары» Қысқы орман аңдары туралы әңгімелеу. Орманға саяхаттау. Ырғақты сезінуге, «жай және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсіндіруге дағдыландыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	Тыңдау: «Сұр қоян» (Е. Нұрбеков) Ән салу: «Сұр көжек» әні (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақ қимылдары : «Аңдар» биі	Орман аңдарының кейіпкерлері, таспалар, атрибуттар.	«Қояндар мен аю»	1	III апта
30-31			«Құстар біздің досымыз»	«Менің қанатты достарым» Құстар туралы әңгімелеу. Торғай туралы тақпақ айта отырып, оларды қастерлеуге үйрету. Музыка сияптына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру. Әнді тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай қимыл жасау.	Ән тыңдау: «Шымшық» (Т. Тайбеков, Жақан Смақов) Ән айту: «Көкек» (И. Нүсіпбаев, Жақан Смақов) Музыкалық ырғақты қимыл: «Шөжелерім»	Құстардың дыбысы жазылған таспалар, құстар суреттері	Қай құстың дыбысы?	2	IV апта

32	Ақпан айы	«Бізді қоршаған әлем»	«Көліктер»	«Бип – бип машина» Көлік түрлерінің адам өміріндегі маңыздылығы туралы әңгімелеу, олардың түрлерін ажыратуға үйрету. Балалардың қызығушылықтарын арттырып, сөздік қорларын молайту. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. Ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Көліктердің дыбыстары Ән айту: «Машина әні» Т.Тұяқбаев Музыкалық ырғақты қимыл: «Буги –буги»	Тақырыпқа сай дайындалған материалдар.	«Қуып жет»	1	I апта
33-34			бәрі «Мамандықтың жақсы»	«Мамандықтармен танысайық» Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» (Ө. Тұрманжанов) Ән айту: «Тәрбиеші» әні (Б.Бейсенова) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көңілді полька»	Тақырыпқа байланысты суреттер, аспаптар, таспалар.	«Аспабыңды тап»	2	II апта

35			«Менің қалам»	Бағдаршам: Бағдаршам туралы түсініктерін қалыптастыру.Музыка мен қимылдардың мәнерлігін қабылдауға үйрету.Жаттығулардың,билердің,ойындардың қабылдауын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Бағдаршам» әні (Ә. Табылдиев) Ән айту: «Бағдаршам» Ә. Табылдиев Музыкалық ырғақты қимыл: «Көңілді бағдаршам»	Көше, бағдаршам суреттері.	«Көліктер?»	1	III апта
36-37			«Ойнаймыз, танимыз,зерттейміз»	Сиқырлы қар: Балаларды тәжірибе жасау арқылы қардың қасиетімен таныстыру.Музыка мен қимылдардың мәнерлігін қабылдауға үйрету.Жаттығулардың,билердің,ойындардың қабылдауын дамыту.	Ән тыңдау: «Қыс әні»К.Қуатбаев. К.Шалқаров. Ән айту: «Сұр көжек» (К. Қуатбаев) Муз – ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» халық әні	Қар,қар салуға арналған ыдыстар,биялай,сүлгі,қар қасиетін білдіретін суреттер.	«Қар лақтырып ойнаймыз»	2	IV апта

38	Наурыз айы	Салт – дәстүрлер және фольклор	«Анамды мен сүйемін»	Аяулы анам: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Әнді тыңдап, көңілді, көңілсіз екенін әңгімелеу. Әуенге байланысты қимыл жасау. Ойынға белсене араласуды қадағалау. Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1.Тыңдау «Ақ мамам» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) 2.Ән салу «Ана» Г. Жотаева (Б. Қадырбек, И. Сапарбай) 3.Музыкалық-ырғақ қимылдары «Гүлдермен» би	Отбасы суреттері, гүлдер, таспалар.	«Гүлдер жинау»	1	I апта
39-40			«Ертегілер елінде». Театр әлемі	Ертегілер еліне саяхат: ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Тыңдау: «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов, Н. Арынова) Ән айту: «Қоңыр аю қорбаңбай» М.Арынбаев. Музыкалық-ырғақтық қимылы: «Биге шақыру»	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары, үйшік.	«Үйшігіңді тап»	2	II апта

41			«Әжеге қонаққа барамыз»	Наурыз жыл басы: Наурыз мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру. Дәстүрлерді қастерлей білуге тәрбиелеу.	Тыңдау: «Наурыз думан»әні (Т. Сарыбаев,М. Мақатаев) Ән айту: «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова Музыкалық ырғақты – қимыл: «Шашақтармен би»	Гүлдер, шашақтар, асық.	«Асық ату»	1	III апта
42-43			«Мерекелік дастархан»	Ұлттық тағамдар: Балаларға наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық тағамдары туралы түсінік беру. Әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Тағамдарды қадірлеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Көктем келді» Б.Бейсенова Ән айту: «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова (Қайталау) Музыкалық ырғақты қимыл: «Гүлдермен би»	Түрлі түсті гүлдер, аспаптар, ұлттық тағамдар суеттері.	Гүл жинау.	2	IV апта

44	Сәуір айы	Табиғат әлемі	«Нұр төккен, гүл көктем»	Гүлдер: Өсімдіктер туралы түсінік беру. Дала гүлдері мен үй гүлдерін салыстыру. Тірі және жасанды гүлдерді ажырату. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. Тірі гүлдерге қамқорлықпен қарау.	Тыңдау: Әли мен Айя«Гүлдер» әні Ән айту: «Көктем әні» (К.Қуатбаев,Ж. Сәтібеков) Музыкалық ырғақты қимыл: : «Гүлдер» биі	Тақырыпқа сай жинақталған материалдар.	«Гүлдерді түсіне қарай ажырат»	1	I апта
45-46			«Ағаштар»	Бау – бақшада, бақтарда: Ағаштардың пайдасы туралы әңгімелеу. Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Тыңдау: «Табиғат ана»Әбдірахман Асылбеков Алтын Маханбетова Ән айту: «Көктем келді» Ардақ Мәдениетұлы Музыкалық – ырғақ қимылдары: «Гүлдер» қимыл қозғалысы.	Табиғат, ағаштар суреттері. Таспалар.	«Музыкалық балға»	2	II апта

47			«Су әлемі» Аквариум	«Бақа, бақа бақ- бақ» Су асты әлемі туралы білімдерін тереңдету. Балықтар жайлы мағлұмат беру. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін, әуенді есту сезімдерін қалыптастыра отырып дамыту. Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	1.Тыңдау «Бақа» (Ш. Қалдаяқов, Өтебай Тұрманжанов) 2.Ән айту. «Бақа, бақа бақ - бақ» (Т. Тайбеков, Жақан Смақов) 3.Музыкалық-ырғақ қимылдары «Буги - буги»	Балықтар суреті, ойынға қажетті суреттер 3. Су асты әлемі бейнеленген макет	«Музыка бояулары»	1	III апта
48-49			«Жәндіктер»	Жәндіктер әлемі: Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу	Ән тыңдау: «Құмырсқа» (Сәрсен Ақанбекұлы Ертай Тұрсынұлы) Ән айту: «Көбелек» (Ж. Смакова) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көбелектер» биі	Тақырыпқа сай жинақталған материалдар.	«Музыкалық қапшық»	2	IV апта

50	Мамыр ай	Әрқашан күн сөнбесін	«Аялайық гүлдерді» Гүлдер, шөптер.	Гүлдер біздің сәніміз: Гүлдердің түрлерімен таныстыру Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге тәрбиелеу.	Тыңдау: Әли мен Айя«Гүлдер» әні Ән айту: «Гүлдер» әні Музыкалық ырғақты қимыл: : «Гүлдер» биі	Гүлдер, слайд, дыбыстар таспасы.	Дауысына қарай таны «Балалар мен жаңбыр» Т.Ломова.	1	I ап та
51-52			«Жыл он екі ай.»	«Жыл мезгілдері» 4 жыл мезгілі туралы әңгімелеу. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Тыңдау: «Көктем» (Ж. Сәтібеков, К. Қуатбаев) Ән айту: «Көбелек» әні (К. Қуатбаев) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көбелек» биі	Жыл мезгілдерінің суреттері, гүлдер, таспалар.	«Кім тез жинайды»	2	II ап та
53.			«Мен жасай аламын»	Жақсылық жасай білейік. Балаларға жақсылық пен жамандық туралы түсінік беру. Ән салу дағдысын дамыту. Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Тыңдау: «Болайықшы осындай» (И. Нүсіпбаев) Ән айту: «Өткен әндерді қайталау» Музыкалық ырғақты – қимыл: «Көңілді би»	Тақырыпқа сай суреттер. Таспалар.	«Музыкалық қапшық»	1	III ап та

54.			«Көңілді жаз»	Жаз келеді алақай! Өнді орындауға баулу. Құстардың сайраған дыбысын тыңдау. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу.	Тыңдау: «Қызыл ,жасыл көбелек» А.Райымқұлова. Ән айту: «Алақай жаз келді» К.Қуатбаев. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ойыншықпен би	Жаз мезгілінің суреттері, гүлдер, көбелектер.	«Тез жет»	2	IV ап та
-----	--	--	---------------	---	--	--	-----------	---	----------

Барлығы – 54 сағат.